

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік қан орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыруға жергілікті деңгейде берілетін нысаналы ағымдағы трансферттердің сомасын бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1451 Қаулысы
"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының
2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының
Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік қан орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыруға жергілікті деңгейде берілетін нысаналы ағымдағы трансферттерді пайдалану ережесі;

2) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік қан орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыруға жергілікті деңгейде берілетін нысаналы ағымдағы трансферттердің сомасын бөлу бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін бекітілген нысаналы ағымдағы трансферттердің сомасын аударуды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) нысаналы ағымдағы трансферттердің бөлінген сомасын уақтылы және мақсатты пайдалануды қамтамасыз етсін;

2) есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттердің пайдаланылуы туралы есепті ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің**

міндетін атқарушы

**Қазақстан Республикасының
Үкіметінің**

2004 жылғы 31 желтоқсандағы

N 1451 қаулысымен

бекітілген

**Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының
бюджеттеріне мемлекеттік қан орталықтарын
материалдық-техникалық жарақтандыруға жергілікті**

деңгейде берілетін нысаналы ағымдағы
трансферттерді пайдалану ережесі

Осы Ереже 041 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қан орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыруға жергілікті деңгейде берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттің қаражаты есебінен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік қан орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыруға жергілікті деңгейде бөлінетін нысаналы ағымдағы трансферттерді пайдаланудың тәртібін айқындайды.

1. Бөлінетін нысаналы ағымдағы трансферттердің есебінен сатып алынатын жабдықтың номенклатурасын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі б е л г і л е й д і .

2. Жергілікті атқарушы органдар заңнамада белгіленген тәртіппен жабдықты мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық рәсімдерді ұйымдастырады.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде есеп береді.

Қазақстан Республикасының
Ү к і м е т і н і н
2004 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1451 қаулысымен

бекітілген

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы
қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік қан
орталықтарын материалдық-техникалық
жарақтандыруға жергілікті деңгейде
нысаналы ағымдағы трансферттер
с о м а с ы н б ө л у

Атауы	Сом а, мың теңгемен
Ж и ы н т ы ғы	2 0 0 0 0 0 , 0
А қ м о л а о б л ы с ы	1 0 1 0 0 , 0
А қ т ө б е о б л ы с ы	1 0 8 4 0 , 0
А л м а т ы о б л ы с ы	9 0 7 0 , 0
А т ы р а у о б л ы с ы	1 0 6 4 0 , 0
Б а т ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы	1 0 9 3 4 , 0
Ж а м б ы л о б л ы с ы	9 0 5 0 , 0
Қ а р а ғ а н д ы о б л ы с ы	1 2 5 0 0 , 0
Қ о с т а н а й о б л ы с ы	4 9 2 5 0 , 0

Қызылорда облысы	10928,0
Маңғыстау облысы	8140,0
Оңтүстік Қазақстан облысы	10750,0
Павлодар облысы	7800,0
Солтүстік Қазақстан облысы	9660,0
Шығыс Қазақстан облысы	9180,0
Астана қаласы	11658,0
Алматы қаласы	9500,0
